

Кейбір мемлекеттік органдарды орналастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 2 қыркүйек N 952

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті мен Орман, балық және аң аулау шаруашылығы комитеті Астана қаласы, Женіс даңғылы, 31 мекен-жайындағы ғимаратқа орналастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің теңгеріміне көрсетілген ғимаратты беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру шараларын жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен

Ауыл шаруашылығы министрлігі мұдделі мемлекеттік органдармен келісім бойынша осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдардың орналастырулына байланысты іс-шараларды қаржыландыру көзі жөніндегі ұсыныстарын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК